



# Magzhan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 41 (840) 10 қазан 2024 жыл

[www.facebook.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi)

[https://vk.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://vk.com/Magzhan_zhuldizi)

e-mail: [magzhan.zhuldizi@yandex.kz](mailto:magzhan.zhuldizi@yandex.kz)

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ІІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМЫ

## МӘСЛИХАТТЫҢ МЕМЛЕКЕТШІЛ ДЕНГЕЙІ МАҢЫЗДЫ

### ЖАСТАРДЫҢ ҮЛЕСІ АРТТЫ

Форумда баяндама жасаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екенін атап өтіп, 2022 жылы референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгізілгеніне, соның нәтижесінде Парламенттің рөлі айтарлықтай күшейгеніне, жалпы билік институттарының жұмысын жетілдіру үшін нақты шаралар қабылданғанына назар аударды.

– Онда жергілікті өкілді билікке қатысты мәселелер де бар. Атап айтсақ, облыстық мәслихат сайлауы аралас жүйе арқылы өтеді. Ал аудандық депутаттар тек қана мажоритарлық тәсілмен сайланады. Бұл қадам еліміздің демократиялық жолмен дамуына зор серпін берді деп сеніммен айта аламыз. Ауқымды реформаның нәтижесінде саяси бәсеке жандана түсті. Жаңа ережеге кей өткен сайлаудан кейін мәслихаттарға жаңа адамдар келді. Алты саяси партияның өкілдері депутат мандатына ие болды. Қазір мәслихат мүшелерінің оннан бірі ғана – партиялық тізіммен келген депутаттар. Қалғаны түгел – бір мандатты округтен сайланған азаматтар. Өзін-өзі ұсынған 434 адам депутат атанды. Ашығын айтсақ, бұрын саяси партиялар түрлі санаттағы азаматпен жұмысқа көп көңіл бөлмейтін. Заңмен талап еткеннен кейін ғана мән бере бастады. Мысалы, партиялық тізімде жастарға арнайы квота белінді. Бұл шешім олардың қоғамдық-саяси үдеріске араласуына жол ашып берді. Бұрын мәслихаттағы жас азаматтардың үлесі 2 пайызға да жетпейтін. Қазір заңнамаға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде бұл көрсеткіш еселеп артты дегуге болады. Бүгін де ортамызда көптеген жас депутат отыр. Олар

3 қазан күні елордамызда «Аманат» партиясының ұйымдастыруымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының ІІ республикалық форумы өтті. Іс-шараға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Парламент Сенаты мен Мөжілісінің төрағалары мен депутаттары, Премьер-министр, Мемлекеттік кеңесші, Президент Әкімшілігінің басшылығы, Үкімет мүшелері – жалпы саны 2 500 адам қатысты.



түрлі мінберден жастарға қатысты өзекті мәселелерді батыл көтеріп жүр. Өкілді билікте өйелдердің қатары көбейе түсті. Елімізде қыз-келіншектердің бастамала-

Тоқаев. Президент депутаттардың өкілді билік функциясын халықтың сеніміне сай жоғары деңгейде атқаруына қажет бірнеше мәселеге тоқталды. Ең бірінші көзекте мәслихат депутаттарының біліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру керек деп санады.

– Мәслихаттар – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі институт. Сондықтан оның тиімділігі депутаттардың кәсібилігіне тікелей байланысты. Біліміне білігі сай депутаттар корпусын жасақтауға, ең алдымен, оларды ұсынған партиялар мүдделі болуы керек. Бүгін мәслихат депутаттарының біліктілігін жетілдіру туралы ұсыныс айтылды. Мәслихат депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру үшін бұл бағытқа ерекше назар аудару қажет. Бұған Мемлекеттік басқару академиясын тарту керек. Партиялар өз депутаттарының біліктілігін жетілдіру мақсатында академиямен ынтымақтастық орнатқан жөн деп санаймын. Әрине, бұл жұмысты аймақтың ерекшеліктерін, халық қалаулыларының кәсіби және қоғамдық-саяси тәжірибесін ескере отырып ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар депутаттар халықпен тікелей байланыс жасай білуге және өз жұмысы туралы қоғамды жан-жақты хабардар етуге тиіс. Мойындауымыз керек, бұл істе кезге көрініп тұрған кемшіліктер көп, – деді Президент.

### МӘСЛИХАТ ПЕН ӘКІМДЕР – МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОС ТІРЕГІ

Мемлекет басшысы мәслихаттардың жергілікті экономикалық саясатқа ықпалын арттыра түсу мәселесіне айрықша мән беру керек екенін атап өтті.

Жалғасы 2-бетте.

РЕФЕРЕНДУМ - 2024

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2024 жылғы 8 қазанда Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясында Нұрлан Әбдіровтің төрағалық етуімен республикалық референдумның қорытындылары бойынша ҚР ОРК отырысы өтті.

Отырысқа бейнеконференция байланысы рәжिमінде облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық референдум комиссияларының төрағалары мен мүшелері қатысты.

Отырыстың трансляциясы сурдоаудармамен қамтамасыз етіліп, Комиссияның Интернет-ресурсы және Youtube арқылы жүргізілді.

Нұрлан Әбдіров «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 21, 31-баптарында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы жалпыреспублика бойынша референдумның қорытындыларын шығаратынын, бұл туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарына беруді қамтамасыз ететінін хабарлады.

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының аумақтық комиссиялары тиісті өкілшілік-аумақтық бірліктерде референдумның нәтижелері шығарылды.

Барлық аумақтық референдум комиссиялары дауыстарды санағаннан кейін екі күн ішінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалардың түпнұсқаларын Орталық референдум комиссиясына жеткізді.

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы ұсынған хаттамалар негізінде бүкілхалықтық дауыс берудің қорытындыларын анықтады. Референдумға қатысу құқығы



бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны 12 миллион 284 мың 487 адамды құрады.

2024 жылғы 6 қазандағы Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша бүкілхалықтық дауыс беруге 7 миллион 820 мың 204 адам немесе референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар санының 63,66% қатысты. Осылайша, референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысып, «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 31-бабына сәйкес референдум өткізілді деп есептеледі.

Еліміздің барлық өңірлерінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың 71,12% немесе 5 миллион 561 мың 937 адам Қазақстанда атом электр станциясын салуды қолдап, дауыс берді. Қазақстанда атом электр стан-

циясын салуға қарсы дауыс берген азаматтардың саны дауыс беруге қатысқандардың ішінде 2 миллион 045 мың 271 адамды құрады.

Осылайша, «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 31, 34-баптары негізінде, референдумға шығарылған мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі, өйткені оның оң шешімін дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы қолдап дауыс берді.

Референдум қабылдаған шешімінің міндетті күші болады және актілермен қосымша растауды талап етпейді.

ҚР Орталық референдум комиссиясы «2024 жылғы 6 қазандағы республикалық референдумда дауыс беру қорытындылары туралы» қаулы қабылданды. Отырыс барысында Нұрлан

Әбдіров шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларының бағалауы бойынша референдум қолданыстағы ұлттық заңнамаға және Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сәйкес өткізілгені, азаматтық қоғам өкілдерінің белсенді қатысқаны және азаматтардың саналы тандау жасауы үшін барынша қолайлы жағдайлардың қамтамасыз етілгені атап көрсетілгенін айтты.

Атап айтқанда, аумақтық референдум комиссияларының деректері бойынша, дауыс беру күні референдум учаскелерінде 244 аккредиттелген қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдардың 17 449 байқаушысы мен ҚР бұқаралық ақпарат құралдарының 1 427 өкілі қатысты.

ҚР бұқаралық ақпарат

құралдарының 1 427 өкілі қатысты.

Сонымен қатар, бұрын атап өткендей, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың 177 байқаушысы, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының 200 өкілі қатысты.

Референдум өткізу барысында азаматтардың ерік білдіруі үшін кешенді жағдайлар жасалды, сонымен бірге мүгедектігі бар адамдардың дауыс беру процесіне қолжетімділігін жеңілдету бойынша бірнеше оң бастамалар іске асырылды.

Референдумды дайындау мен өткізуге 246 аумақтық, 10 323 учаскелік комиссиялар жұмысқа тартылды. ОРК Төрағасы барлық деңгейдегі референдум комиссиялары 70 мыңнан астам мүшелерінің жергілікті жерлердегі адал жұмысын атап өтіп, олар жалпы өздеріне қойылған күрделі міндетті тиісінше орындап шыққанын айтты.

Референдум өткізу барысында Орталық референдум комиссиясы барлық деңгейдегі комиссияларға, сондай-ақ саяси партияларға, бұқаралық ақпарат құралдарына және азаматтық қоғам ұйымдарына арналған жалпыұлттық каскадтық оқыту бағдарламасын енгізіп, референдумды ұйымдастырушылар үшін 3700 оқыту іс-шарасын өткізді.

Отырыс соңында Нұрлан Әбдіров референдумды ұйымдастырушыларға оны дайындау мен өткізудің қолдаушыларын астам жұмысы үшін, халықаралық байқаушыларға, қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне – дауыс беру процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге жәрдемдескені үшін, ал азаматтарға – белсенді азаматтық ұстанымы үшін алғысын білдірді.

ҚР Орталық сайлау комиссиясы.

# МӘСЛИХАТТЫҢ МЕМЛЕКЕТШІЛ ДЕНГЕЙІ МАҢЫЗДЫ



## Жалғасы, басы 1-бетте.

— Қазір жаңа Бюджет және Салық кодекстері әзірленіп жатыр. Онда жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты реформаның ерекшеліктері ескерілуге тиіс. Үкімет ауыл әкімдерінің бюджетін қалыптастыру мен оны жұмсау тәсілдерін қайта қарауы керек. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қаржылық дербестігін арттыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі қажет. Кодекс жобаларын талқылауға мәслихаттар белсене қатысқаны жөн. Жергілікті бюджет қаржысының дұрыс өріс тиімді бөлінуі өте маңызды. Депутаттар бұл мәселеге зор жауапкершілікпен қарауға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұған қоса Президент саяси партиялардың қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жобалары мен бастамаларына тоқталып, көктемгі алапат су тасқыны кезінде бекем бірліктің үлгісін көрсеткен партиялардың, өзін-өзі ұсынған депутаттардың азаматтық белсенділігіне оң баға берді.

— Партиялардың жалпыұлттық міндеттерді шешу ісіне жұмыла кірісетіні қуантады. 9 мыңнан аса отбасы су басқан үйлерін жөндеуге және қалпына келтіруге төлем алды, 6 мыңға жуық отбасына баспана сатып алуға қаржы бөлінді. Қысқа мерзім ішінде 2,5 мыңнан аса жаңа үй салынды. Жоспарланған 2 680 үйдің 2 620-сы пайдалануға берілді. Мұның барлығы — мемлекеттің, бизнестің және қоғамның бірлесіп атқарып жатқан жұмысының нәтижесі. Мен саяси партиялар, мәслихаттар мен қоғамдық ұйымдар дәл осындай мызғымас бірлікте жұмыс істеуі керек деп санаймын. Түптеп келгенде, алдымызда тұрған мақсат — ортақ. Бұл — елімізді өркендету және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, — деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ауыл, аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау жүйесі елімізде жаңа саяси ахуалдың қалыптасуына жол ашқанын атап өтті.

— Жергілікті атқарушы билікке жаңа буын өкілдері көптеп келе бастады. Кәсіпкерлердің, қоғамдағы белсенді азаматтардың, жастардың арасынан шыққан әкімдер аз емес. Қазір олар ел басқару ісін үйреніп, тәжірибе жинап жатыр. Жедел шешім қабылдап, жұмысты дер кезінде ұйымдастыруға бейімделіп келеді. Бұл қыста жылу-энергетика саласында күрделі жағдай болған кезде анық байқалды. Көктемдегі тасқын да кімнің қолынан іс келетінін нақты көрсетті. Шаруаға ширақ әрі жеңіл жанышар азаматтардың әкім болғаны дұрыс. Оларға жан-жақты қолдау көрсету керек. Әсіресе мәслихат депутаттары мен әкімдердің бірлесіп жұмыс істегені жөн. Өйткені оларды мемлекеттің жергілікті жердегі қос тірегі деуге болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ӨЛЕМДІК ПРОГРЕСТЕН ШЕТ ҚАЛМАУҒА ТИІСПІЗ

Президент бірнеше күннен кейін өтетін жалпыұлттық референдумның маңызына тоқталып, оған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жарқын көрінісі деп баға берді.

— АЭС құрылысына қатысты өз ұстанымымды бұған дейін бірнеше рет айттым. Өлеңдегі прогрестен шет қалмау үшін біз бекемдікте өз артықшылықтарымызды пайдалануымыз керек. Азаматтар қолдап дауыс берсе, бұл Тәуелсіз Қазақстанның бүлік тарихындағы ең ірі жобаға айналды. Атом электр стансасын салу — ұзақ мерзімді жоба. Бірақ бұл бастама еліміздің орнықты дамуын оңайлықтарға ілгерілетеді, сондай-ақ инженерлер шоғыры мен өртүрті

бейіндегі мамандар легін даярлауға ықпал етеді. Демек оның пайдасын қазіргі жастарымыз бен болашақ ұрпақ көреді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, демократия үздіксіз жүретін үдеріс екеніне айрықша назар аударды. Президенттің пікірінше, өлеңдегі көз келген табысты демократиялық қоғам айналдырып, бейжай қарамайтын азаматтардың арқасында ғана дамиды, өміршең болады.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев келер ұрпаққа қажетті жағдай жасау ортақ парызымыз екеніне назар аударып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтарын қорғау, олардың жан-жақты дамуы мемлекеттік саясаттың ең басты басымдығы болып қала беретінін жеткізді.

Сонымен қатар Президент бақытты балалықтың негізі отбасы институты екеніне тоқталып, ата-аналарды тәрбие мәселесіне салғырт қарамауға шақырды. Әсіресе ұрпақтың цифрлық дүниелерге тәуелді болуы мен виртуалды әлемге шектен тыс құмартуы дертке айналып бара жатқанына алаңдаушылық білдіріп, көрініше, оларға ел ішіндегі шынайы қаһармандарды насихаттау қажет екенін айтты.

— Мысалы, жақында өткен Дүниежүзілік олимпиададағы шахматшы қыздарымыздың жарқын жеңісі үлгі етуге тұрарлық. Біздің оқушылар математикадан, физикадан және басқа да пәндерден өткен олимпиадаларда жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүр. Осындай талантты балаларды қолдап, олардың ұстаздарын инталдырау керек. Таяуда академик Асқар Жұмаділдаев осы турасында: «Біздің спортшылар Олимпиадаға барып, қарсыластарын төлеп ұрып, танауын бұзып келеді. Кейін оларды әуежайда қарақұрым халық қарсы алып құттықтайды, тіпті пәтер мен келіс шылап жатады. Ал математика, физика, химия пәндерінен өткен халықаралық олимпиадаларда бірінші орын алған балаларымызға мұндай құрмет көрсетілмейді», деп орынды пікір білдірді, — деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастырудың, Заң мен Тәртіп үстемдігін орнатудың маңызы жөнінде пікір білдірді.

## ЕЛДЕГІ АУҚЫМДЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Мәслихат депутаттарының форумында сөз алған Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов «Аманат» партиясы ұйымдастырған бұл жиын орталық пен аймақтардағы, барлық билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастың жаңа форматы саналатынын, мемлекеттік маңызды шешімдерді қабылдауға күллі қоғамның атсалысып жатқанының айқын көрінісі екенін тілге тиек етті.

— Кейінгі жылдары елімізде түбегейлі реформалар қолға алынды. Конституциялық өзгерістердің нәтижесінде саяси институттардың үлесімді жұмысы жолға қойылды. Бұл реформалар түйткілді мәселелерді шешуге, байыпты шешімдер қабылдауға жол ашты. Заң шығарушы органның қызметі мен мазмұны да толықтай өзгерді. Көппартиялы Парламент түрлі пікірлерді тоғыстырған қоғамның үніне айналды. Қазіргі уақытта күн тәртібіндегі көз келген мәселе Парламент қабырғасында ашық талқыланып жатыр. Азаматтардың алаңдатқан ең көкейтесті мәселелер заңнамалық деңгейде шешімін тауып келеді. Мысалы, халықтың несие қарызы, өйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық, лудомания, есірткіге тәуелділік, вейптер

сияқты кеселдерге заңмен тосқауыл қойылды. Қасым-Жомарт Кемелұлы, осының бәрі — өзіңіз айттып жүрген заң үстемдігі мен тәртіп қағидасының іс жүзіндегі көрінісі, — деді Мәжіліс спикері.

Е.Қошанов қоғам сұранысына негізделген «Қарызызсыз қоғам», «Жер аманаты», «Ауыл аманаты» секілді маңызды жобаларға тоқталды. Оның айтуынша, азаматтардың қаржылық сауатын арттыруға бағытталған «Қарызызсыз қоғам» жобасы тұрғындарды қарыздың құрсауынан шығаруға көмектеседі. Жоба аясында Үкіметпен бірге билыңды өзінде 750 мың адамға қолдау көрсетіп, оқыту жоспарланып отыр. Ол Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен аталған жоба билыңдан бастап жалпыхалықтық сипат алғанын жеткізді.

— Халықтың ерекше қолдауына ие болып отырған тағы бір бастама — «Жер аманаты» жобасы. Бұл жұмысты Үкіметпен, Бас прокуратурамен, жергілікті атқарушы органдармен бірге жүргізіп жатырмыз. Қазіргі таңда 11 млн га жер мемлекетке қайтарылды. Ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы да жемісті іске асып жатыр. Бұл жоба Сіздің Сайлауалды бағдарламыздан бастау алған. Соның нәтижесінде мыңдаған азамат шағын кәсібін ашып, тұрмысын түзеді. Жоба жүздеген отбасының атаулы әлеуметтік көмектен арылуына септігін тигізді. Біз бұл жобаларды әрі қарай да табанды түрде іске асыра береміз. Осы жұмыстың барлығына мәслихат депутаттары белсене қатысып жатқанын атап өткім келеді, — деді Е.Қошанов.

Өз сөзінің соңында Мәжіліс төрағасы Әділетті Қазақстанды құру елдегі ауқымды реформалардың темірқазығы екенін, осы бағыттағы өз өзгерістер қоғамның үмітін оятқанын айтты.

— Халқымыз Президенттің төңірегіне топтасып отыр. Азаматтарымыз таңдаған жолымыздың дұрыстығына көз жеткізіп, өткен конституциялық референдумда, Президент сайлауында толық сенім білдірді. Осы уақыт ішінде біз ұлт мүддесіне, ел тағдырына келгенде біріге алатынымызды талай мәрте дәлелдедік. Алдағы уақытта да осы сенімнің үдесінен шығамыз деп ойлаймын. Өйткені бұл үміт пен сенімнің артында мемлекетіміздің болашағы тұр. Осы жолда халқымызбен бірге депутаттар да бар күш-жігерін жұмсауы керек. Өйткені Президент бастамаларын, реформаларын табысты іске асыру — барлығымыздың ортақ жауапкершілігіміз, — деді ол.

## ДЕПУТАТТЫҢ ЕКІ УСЫНЫСЫ

Жиын барысында сөз алған Мәжіліс депутаты, ақын Ринат Зайытов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа қоғам өмірі мен болашағы үшін өзінің екі күнды ұсынысын бар екенін жеткізді. Оның бірі дәстүрлі ұлттық театр ашу болса, екіншісі — мектеп бағдарламасына «Жаңа қазақ әдебиеті» пәнін енгізу. Тәуелсіздік алғалы бері еш ескерілмейтін таспада қалған ұлттық төл өнерін төрге шығаратын ұяқат келді.

— Қорықпай азаматтың қолынан түспеген қобыз, Сүйінбай сөзімен абырой-намысымызды асқақтатқан айттыс, күй атамы Құрманғазы мен Тәттімбет, Маңғыстаудан Сыр бойына дейін жүр төккен сүйлейлер мен қайқылар, өлемді өмінен мойындаған Әмірелдерді мұрасы бүгінде өздеріне лайық тұстырға орналаса алмай келеді. Ұлттық дүстүр мен өнердің ордасына айналатын оңаша шаңырақ қажет. Мәселен, Қытайдағы дәстүрлі Бейжін орталығы, Италиядағы Ла Скала, қырғыз ағайынның дәстүрлі Манас

орталығы өз ұлтының төл өнері мен дәстүрін сақтап, дамытып отыр. Бізге де осындай республикалық деңгейдегі ұлтымыздың өн, күй, жыр, айттыс, термесін әлемге танытатын бір дәстүрлі ұлттық театр ауадай қажет. Бұл жай ғана театр емес, қазақ ұлтының рухани байлығын баршаға паш етіп, ұрпақ тәрбиесіне оң әсерін тигізетін орталық болатынына еш күмәнім жоқ, — деді Ринат Зайытов.

Сонымен қатар депутат қазіргі балалар «аяз ата келіп тұр, маған сәлем беріп тұр» дегеннен әрі аса алмай қалғанын, олардың бойына отаншылдық рух пен ұлттық сана-сезімді сіңіру үшін мектептің 7-11-сыныптарына арналған бағдарламасына «Жаңа қазақ әдебиеті» пәнін енгізу уақыт талабы екенін жеткізді.

## ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫН ШЕШУДІҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ

«Қазатомпром» ҰАК» АҚ ядролық отын циклі жөніндегі басқарушы директоры, ядролық энергетика саласындағы жас маман, «Болашақ» бағдарламасының түлегі Әсет Махамбетов мәслихат депутаттарының форумында атом энергетикасына қатысты ойымен бөлісіп, өлем елдеріндегі атом электр стансаларының жұмысы туралы айтты. Оның айтуынша, өлемде атом энергетика саласы мұқият қадағаланып, жүйелі бақылауда болатындықтан, оның қауіпсіздігіне алаңдаудың қажеті жоқ.

— Қазірдің өзінде әлемнің дамыған Финляндия, Оңтүстік Корея, Біріккен Араб Әмірліктері, Ресей, Қытай, Үндістан, Франция сияқты 7 ғана елдің өзінде 203 реактор орналасқан. Ал бір ғана АҚШ-тың өзінде 94 реактор 97 мың мегаватт электр қуатын беріп тұр. Басқа мемлекеттер осы саланы дамытып жатқанда біз неге кенже қалуымыз керек?! Одан басқа іргелес Өзбекстанда АЭС бізден небәрі 60-70 шақырым жердегі Жиззақ өңірінде салынбақшы. Жан-жағымыздың барлығы АЭС болса, біз неге салмауымыз керек? — деді ол.

Сондай-ақ ол жыл өткен сайын елімізде электр энергиясының тапшылығы айқын сезіліп жатқанын атап өтті.

— Мұны шешудің бір ғана жолы — жоғары технологиялық атом энергетикасын дамыту. Бұл үшін бізде АЭС-ке қажетті уранның қоры жеткілікті. Бұған қоса 2021 жылдан бастап дайын ядролық отын өндіретін зауытты іске қостық. Бұл шикізат емес, атом реакторларына тікелей арналған дайын отын. Сондықтан таяу күндері өтетін жалпыұлттық референдумда біз дұрыс таңдау жасауымыз керек. Референдумның нәтижесі еліміздің ғылымына, энергетика мен экономикасының дамуына тікелей әсер етеді, — деді Әсет Махамбетов.

## ОТАНДЫҚ ӨНІМ ҮЛЕСІН АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

Атырау облыстық мәслихатының депутаты Сырымбек Сәрсембаев сөз алып, билығы көктемгі тасқын кезінде өзінің туған қаласы Құлсарыны түгел су алғанын, осы уақытта «Аманат» партиясы үнемі халықпен бірге болып, көптеп-көптеп тілсіз жаудың бетін қайтарғанын айтты.

— Бүгінде табиғи апаттан зардап шеккен тұрғындар жаңа баспаналарының кілтің алып, қоныс тойын атап өтті. Алайда бұл апат облыстардағы гидротехникалық нысандарды қайта жаңғырту қажет екенін көрсетті. Мәселен, Жылыой ауданындағы «Аралтөбе» су қоймасы Жем өзені бойында тасқын су апаттарының алдын алуға және ауылшаруашылығын дамыту үшін өте үлкен көмек болар еді, — деді ол.

Сондай-ақ депутат Арқалық, Құлсары, Кентау, Риддер, Саран сияқты еліміздегі 27 моно қалада шешімін таппай отырған мәселелерге тоқталды.

— Құлсары қаласы үшін ең алдымен тез арада заман талаптарына сай көздік лас суды тазарту қондырғылары мен ауысууды тазарту қондырғыларын салу керек. Бұл қала тұрғындарының сапалы ауысу пайдалануына және экологиялық ахуалдың жақсаруына әкелер еді. Бұған қоса барлық моноқаланың экономикасын өртарпақтандыру қажет. Ол үшін елімізде жұмыс істейтін шетелдік ірі компаниялар бірнеше кезекте отандық шағын және орта бизнестің, жергілікті кәсіпкерлердің тауары мен өнімін сатып алуға басымдық беру керек. Бірақ ірі мұнай өндіруші мекемелер өздеріне қажетті өндірістік құрал-жабдықтарын, барлық керекті заттарын шет елдерден әкеліп жатыр. Бүгінде Теңізшевройл, Қарашығанқ Петролиум Оперейтинг, НСОС сияқты ірі мұнай өндіруші үш мекеменің сатып алып отырған тауарларындағы отандық үлес, отандық өнімдермен (камту) мөлшері шамамен 10%-дан аспайды.

Сондықтан еліміздегі ірі компаниялардың сатып алатын тауарларының үлесін кемінде 50 пайызға жеткізуіміз керек деп есептеймін, — деді С.Сәрсембаев.

Сонымен қатар жиын барысында Мәжіліс депутаты Юлия Кучинская, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, кеншілердің «Қорғау» кәсіподағының төрағасы Евгений Буслаев сөз сөйледі.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ.

# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА 5,6 МЛН ТОННА АСТЫҚ БАСТЫРЫЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында ауыл шаруашылығы министрі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, мемлекеттік органдардың, қаржы институттарының өкілдерінің қатысуымен ағымдағы егін жинау науқанының нәтижелері талқыланып, келесі ауыл шаруашылығы жылына арналған жоспарлар белгіленді.

Ауыл шаруашылығы министрі қазіргі уақытта дәнді дақылдардың 93,2% немесе 15,5 млн гектарды жинау аяқталғанын атап өтті. Орташа өнімділігі 15,2 ц/га болатын 23,5 млн тонна астық бастырылды.

Айдарбек Сапаров ағымдағы жылы жеңілдетілген несиелеу көлемі рекордтық 580 млрд теңгеге жеткенін, ауыл шаруашылығы техникасының лизингіне 120 млрд теңге бөлінгенін еске салды. Келесі жылы осындай тетік қайта өңдеу кәсіпорындарын қаржыландыруда қолданылатын болады.

Жалпы, Мемлекет Басшысы қойған осы міндеттерді іске асыру үшін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру көлемін 900 млрд теңгеге, оның ішінде ауыл шаруашылығы техникасының лизингін 200,0 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, СҚО тәжірибесі бойынша бағдарлама шеңберінде жеңілдетілген несиелеу көлемін және қаржыландырылатын бағыттар санын ұлғайту жоспарлануда. «Аграршылар мемлекет тарапынан бұрын-соңды болмаған қолдауға ие болғанын ескере отырып, біз күткен нәтижеге қол жеткізуде. Қазір біздің алдымызда негізгі міндет тұр – егін жинау жұмыстарын аяқтау және егінді сақтау, әсіресе кешуіңдеп қалған өңірлерде. Барлық ресурстарды жұмылдыру қажет. Біз осы ауыл шаруашылық маусымын



сәтті аяқтап, келесі жылы қарқынымызды бәсеңдетпеуіміз керек», - деп атап өтті министр.

Кеңеске қатысушыларға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау бойынша қабылданып жатқан және жоспарланып отырған шаралар, бидайды сатып алу бағасы, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын кредиттеу және саланы

қолдаудың басқа да жаңа тәсілдері туралы ақпарат берілді.

Кеңес соңында облыс әкімдігіне бірқатар тапсырмалар берілді.

Айта кетейік, Солтүстік Қазақстан облысында егіс алқабы 4,3 млн га құрады, 3 млн га (90,5%) жиналды, 17,8 ц/га өнімділікте 5,6 млн тонна бастырылды, 3 млн тоннаға жуық жем дайындалды.

Сапар барысында министр "Бетеге-У" элеваторының жұмысымен танысты, бидай қабылдау үздіксіз жүргізілуде, кезек жоқ.

Сондай-ақ, "Митронин" және "Чистовский" ЖШС-де болды.

"Митронин" шаруашылығы дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды өсірумен айналысады, ағымдағы жылы бидай, майлы дақылдар, рапс жақсы өнім алды. Дәнді дақылдардың орташа өнімділігі 40 ц/га, майлы дақылдар - 20 ц/га құрады. "Чистовский" шаруашылығында дәнді дақылдардың орташа өнімділігі 20 ц/га құрады.

Егін жинау барысымен танысқан Айдарбек Сапаров жергілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездесті.

Фермерлер егін егу және егін жинау жұмыстары барысында көрсеткен қолдаулары үшін алғыстарын білдірді, сондай-ақ 2025 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруға қатысу мәселелерді айтты.

"Әрине, мұндай өнім мемлекеттік қолдау мен агротехнологияның арқасында алынды. Көмек маңызды. Келесі жылы қаржыландыруды ұлғайтуға уәде береміз, сәтсіздікке ұшырамауға тырысамыз", - деп уәде берді фермерлер.

Министр фермерлерді егінді сақтау және оның сапалы сақталуын қамтамасыз ету үшін бар күшін салуға шақырды. ЖАО-ға ауыл шаруашылығы өндірушілерімен өзара іс-қимылды күшейту және туындайтын мәселелерді жедел шешу тапсырылды.

**Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі.**



МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

## ҰСТАЗ – БІЛІМ ӘЛЕМІНІҢ ШАМШЫРАҒЫ



Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім - барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы - барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ахмет Байтұрсынов «Мұғалім – мектептің жаны» деп баалаған. Осыдан-ақ, ұстаз деген – ұлы есім екенін талассыз аңғаруға болады. Себебі, ұстазға деген құрмет бәрінен биік тұрады.

3 қазан күні аудандық Мәдениет үйінде ұстаздарға арналған салтанатты жиын болып өтті. Бұл кешке аудан әкімі Рахат Смағұлов қатысып, барша аяулы ұстаздар қауымын төл мерекесімен құттықтап, марапаттар табыс етті.

Құрметті ұстаздар! Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Ұстаз деген арқашанда - ұлы есім. Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату – екінің бірінші қолынан да келе бермейді. Сондықтан, ұстаз болу – жүректің батырлығы деп бағалауға болады.

Аяулы ұстаздар! Сіздерді осы мерекемен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, қажымас қайрат, жұмыстарыңызға толағай табыс тілеймін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Айта кету керек, бұл күні ауданымыздың білім беру жүйесіне зор үлес қосқан мұғалім қауымы аудан әкімінің Алғыс хатымен және Құрмет грамотасымен марапатталса, ауданымызға арнай келген облыстық білім саласындағы сапаны арттыру департаментінің басшысы Гүлнар Талас-



ҚАДУЛЛОВИЧ

Спорт пен алғашқы әскери және технологиялық дайындақ жөніндегі әдіскер «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» КММ  
Тәжірибесі 19 жыл



Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.



ҚАРИЯЛАРДЫ ҚОЛДАУ АЙЛЫҒЫ

# ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯЛАР - ОТБАСЫ ТІРЕГІ

Отасын Габдулахап Құсайынұлы 1957 жылы 15 қазанда Булаев ауданы Құралай ауылында дүниеге келген. 1973 жылы Қызыл Қазақстан орталау мектебінің 8 сыныбын аяқтап, Петропавлдағы ауылшаруашылық техникумына оқуға түседі. Оны 1977 жылы аяқтап, күзінде Қыыр Шығыстағы Приморский аймағына аттанып, Отан алдындағы борышын екі жылға атқарады. Әскерден аман-есен келген соң, ол 1979 жылы Красная крепость колхозына жұмысқа кіріп, электрик болып еңбек жолын бастайды.

Кейін колхозға газ тасумен айналысып, көктемде тракторға мініп, көктемгі дала жұмыстары мен орақ науқандары кезінде комбайнға тізгіпел, адал да абыройлы қызмет атқарады. 1980 жылдың 15 ақпан күні Габдулахап атамыз Күлше Пазылқызымен отбасын құрып, бүгінгі таңға дейін тату-тәтті, үлгілі отбасы болып отыр. Кеңес Үкіметі құлаған соң ағамыз 1998 жылы мектепке кіріп, 23 жыл бойы зейнетке шыққанша шаруашылық менгерушісі болып қызмет етеді.

Ал енді бұл отбасының аулы қамқоршысы, Күлше Пазылқызы жайлы сөз қозғайтын болсақ, 1959 жылы қаңтар

айының 15-і күні Булаев ауданы Құралай ауылында дүниеге келген біздің кейіпкеріміз 8-жылдық Қызыл Қазақстан орталау мектебін 1974 жылы аяқтап, 1975 жылы Петропавлдағы №42 училищесіне оқуға түсіп, тіпінші мамандығын игереді. 1975-79 жылдары Комсомолка фабрикасында жұмыс жасайды. 1979 жылы елге келіп, 1991 жылға дейін клуб менгерушісі болады. 1991 жылдан 2012 жыл аралығында мектепте еден жуушы лауазымында еңбек етіп, сол жерден құрметті зейнетке шығады.

Қазіргі таңда Габдулахап атамыз бен Күлше апамыз екеуі - 2 ұл және 3 қыздың ата-анасы. Қариялар ұл-қыздарының қуаныштарына бөленіп 7 немере, 6 жиеннің ата-әжесі болып отырған жайы бар.

Қазақтар - «Төріңнен қарт кетпесін» деп тілеген халық. Иә, расымен де әр отбасыға өзінің бар білген-көргенін айтып, дұрыс бағыт-бағдар берушілеріміз ол - әрине ата-әжелеріміз. Бүгінгі сөзімізге арқау болған Көшегалдиновтар отбасына мықты денсаулық, амандық пен бақ-береке тілейміз!

Жұлдыз ҚАЮПОВА,  
Құралай ауылының кітапханашысы.



Қазақтың «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деген сөзі тегін айтылмаған әой. Қариясы бар шаңырақтың ырғысы артық, несібісі мол, қарт кісілердің отыраған үйінде береке-бірлік болады. Үлкен кісілері бар үйде жас балалар зерек, ақыл-кеңеске қанық өседі. Қарттарын құрмет тұтып, ақсақалдарын ардақтай білген елдің баласы өткенді баеалауға, бүгінін саралауға құмар болады. Үлкенге ілтипат көрсеткен жастың өзі де өсе келе сондай құрметке ие болады. Бүгінгі біздің сөз еткені отыраған кейіпкеріміз өз ісінің майталманы болып, аянбай қызмет атқарып, бүгіндері құрметті зейнеттің бақытын көріп отыраған Көшегалдиновтар отбасы жайлы болмақ.



# «ҚАРТЫ БАРДЫҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР»

Қоғамның назарын қарт адамдар мен мүгедектердің мәселелеріне аудару үшін қалыптасқан дәстүр бойынша 1 қазаннан бастап 1 қараша аралығында қарт адамдар мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау айлығы өткізіледі. Сондықтан қазан айы - бұл ағз бұрын екіпдеріне қолдау көрсету және назар аудару, соғыс пен еңбек ардагерлеріне құрмет көрсету уақыты. Жыл сайын ауданымызда өткізілетін қолдау айлығы дәстүрге айналған үрдіс болып табылады.

Осыған орай, бүгін мен Сулышоқ ауылында ғұмыр кешіп, көп жыл абыройлы еңбек етіп, бүгін қариялық шақтың терінде отырған Ысқақовтар әулетіне тоқталмақпын.

Әулеттің ақсақалы Қосман Хамитұлы Сулышоқ ауылының тумасы. Ол 1953 жылы 3 қыркүйекте көпбалалы отбасында дүниеге келген. Сол себепті, жастайынан жұмыс істеуге үйренген ол, есейе келе де ауылдың қара жұмысынан еш талсалған емес. 8-сыныптық ауыл мектебін бітірген соң Қосман ағамыз тракторшы мамандығына оқып, қолына диплом алады. Темір үзетін жас жігіт 1972 жылы әскер қатарына шақырылып, 2 жыл бойы әскери борышын өтейді. Ол - Отан алдындағы борышын Забайкалье аймағында өтеген екен. Әскерден дін аман оралған Қосман атамыз кеңшарға жүргізуші болып кіріп, көп адал қызмет атқарды. Өз ісіне жауапты, берген тапсырманы уақыты орындап жүріп, Қосман ағамыз 2016 жылы құрметті зейнетке шығады.

1980 жылы Қосман Хамитұлы Балқия Дүйсенбайқызымен танысып, отбасын құрады. Бұл шаңырақта 4 бала дүниеге келіп, барлығы өсіп-өніп, қазір еліміздің дамуына өз үлестерін қосып

отыр. «Біздің отбасы құрғанымызға 2025 жылдың қаңтарында 45 жыл болады» - дейді, қазыналы қарияларымыз.

Балқия Дүйсенбайқызы 1960 жылы 3 ақпанда Омбы облысы, Есілкөл ауданында дүниеге келген. Ол көп балалы, тату отбасында тәрбиеленіп өскен. Көкөніс өсіруші мамандығын игеру үшін Есілкөл қаласында оқыған. Тұрмысқа шыққан соң, Сулышоқ ауылында тұрып, сауыншы болып еңбек етеді. 1986 жылдан зейнеткерлік жасқа дейін мектепте техникалық қызметкер болып жұмыс істейді.

Шынында да, бүкіл ғұмырын ауылда өткізіп, бала тәрбиелеп, еңбек етіп, бүгін жас ұрпақты тәрбиелеуге өз үлестерін қосып отырған қазыналы қарияларымыз баршылық. Олардың өмір және еңбек жолдары өскелең ұрпаққа үлгі екені сөзсіз.

Ендеше, көпті көрген асыл қарттарымыз бақытты күн кешіп, қай кезде де халқына - сүйеу, жұртына қамқор бол, жүздерінен қуаныш пен күлкі темпей, балаларын мен немерелерінің қызығын көріп, аман-сау күн кешуді тілейміз.

Мария ҚАЗЕНОВА,  
Сулышоқ ауылының кітапханашысы.

16 ҚАЗАН - НАН КҮНІ

# АДАЛ ЕҢБЕКТІҢ НАНЫ ТӘТТІ

«Әлемнің әміршісі – еңбек», «Еңбек түбі – береке», «Шебердің қолы ортақ», «Мал – тапқандікі, жер – жұртқандікі», «Аузынмен айтқанды қолмен істе», «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті», - дейді дана халқымыз. Қай-қай істі бастағанда айқын мақсат пен тәуекелге бел буып, бар күш-қуатыңды соның жолына салсаң, ешқандай еңбектің зая кетпейтінін көпшілігіміз жақсы білеміз.

Алайда осыны біле тұра көбіне жалқаулық дейтін жаман әдеттің жетегіне еріп кетіп жататынымыз тағы бар. Өйтсе де, алған бетінен қайтпай еңбектің көзін тауып, мол несібеге кенеліп отырған жандардың да аз емес екені қоңіл қуантады. Мәселен, ауданымыздың азаматы Марат Жұмабаевтың сүйікті ісі - тандыр нан мен самса пісіру. Қол қусырып қарап, жай отыруды жаны қаламайтын Марат Егізбайұлына бұл идея 2021 жылы келген екен.

- 2021 жылы «Бизнес бастау» жобасы бойынша арнайы курстан өтіп, тандыр нан пісірумен айналысуды шештім. Мемлекет қолдауының арқасында бес жүз мыңдай грант алып, сүйікті ісімді бастау үшін қажетті неш, тұрмашанең, қамыр иілегіш пен басқа да жабыдықтар сатып алдым. Осылайша, өз ісімді бастап кеттім. Бас кезінде он шақты тандыр ғана жасап шығарсам, бүгінгі күні 250-300-ге дейін арттырдым. Қосымша курстан өтіп, самса пісіруді үйреніп алдым. Күніне 150-лей самса сатамын. Тәтті тандыр нан мен ыстық самсаны Булаев қаласында орналасқан дүкендерге күнде тандырға жеткізіп беремін, - дейді жеке кәсіпкер.

Осыдан біз шағын және орта бизнес азаматтардың өз идеясын іске асыруына көп мүмкіндіктер сыйлайтынына көз жеткіземіз. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар



2019 жылдың қыркүйегінде Ұлжыттың қауымымен Қазақстан Республикасының әркімнің құндылығын таныту мақсатында ұйымдастырылған «Мал - тапқандікі, жер - жұртқандікі» акциясының аяқталуына қатынасты. Барлық қатысушылар өз ерекше құрметіне және дәстүрлілігіне лайық мән берді. Мал күні - астық және үн өнімдерінің құрметін арттырып, қазақстандық дидандардың үн тартушылар мен пайдаланушылардың еңбегін елеулі ұрпақты танытады.

еліміздегі экономикалық белсенді топтың ауқымды үлесін құрайтыны рас. Сондықтан нарықтық экономика адамдарды өз бетінше күн көруге, заман талабына сай бейімделіп өмір сүруге үйретті.

басуы үшін тер төгіп келеді. Мәселен, ол тандырға дүкен сөрелеріне пешпен жана шыққан нан өнімдерін жеткізу үшін түні бойы еңбектенеді. Осылайша, тандырға дүкендерге тәтті тандыр нан мен дәмді самса үзкізсіз түсіп тұрады.

Осылайша, кәсіпкердің еңбегіне қарай, оның тауарына жерлестерінің сұранысы да күн сайын артып келеді. Оның басты екі себебі бар. Біріншісі, дәмді самсаның арнайы рецептімен дайындалуы. Екіншісі, қанша уақыт өтсе де, киентің қамыны ойлап, ең алғашқы пісірген кездегі самсаның пішінін, ішіндегі ерт, қартының көлемін сол күйінде бұзбай сақтауы.

- Қалайықтар мен жасаған өнімді жақсы біледі. Сол себепті мен алғаш бастаған принциптерімді және рецептерімді сақтап, халықтың көңілінен шығуды көздеймін. Қанша шарнасам да адамдардың пейілін, ыстық ықыласын көргенде, жұмысқа деген шабытым оянып, ісіме құлшына кірісіп кетемін. Мен жасаған тағамды адамдардың сүйсіне жөн рахмет айтып жетегін қалаймын. Бұл менің бизнестегі өмірлік қағидам, бұлжымас ережем, - дейді еңбекқор кәсіпкер.

Шынында да, алдына мақсат қойып, бар күш-жігері мен тәжірибесін сүйікті ісіне арнаған адам табысқа кенеледі. Дана халқымыз «Адал еңбектің наны тәтті» деуді содан шығар.

Сөз соңында айтарым, нан - әлемде көпшілікті тұтыныатын тағамдардың бірі. Адамдар күн сайын ерте намен қуаттанып, тіршілігін бастайды. Ендеше, дастарханымыздың берекесін келтіретін нан үшін тер төгіп, оны өндіруге үлес қосып жүрген барша жандарға бүгінгі айтулы күн құтты болсын дегім келеді.

Еркін ТӨЛЕТКЕ.

14 ҚАЗАН - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СТАНДАРТТАУ КҮНІ

## ЖАҚСЫ ӘЛЕМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ КӨЗҚАРАС

Халықаралық стандарттаудың басталуы 1875 жылы 19 мемлекет өкілдерінің халықаралық метрикалық конвенцияны (Париж, Франция) қабылдауы және халықаралық салмақ пен өлшем бюросының құрылуы деп санауға болады. Посткеңестік кеңестік стандарттаудың дамуының басталуы өлшемдер мен салмақтардың метрикалық жүйесін енгізу деп санау керек. 1925 жылы алғашы Орталық стандарттау органы — Еңбек және Қорғаныс Кеңесі жанындағы стандарттау комитеті құрылды.

1940 жылы Бүкілодақтық стандарттау комитеті құрылды.

1992 жылы Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификация Комитеті құрылды. 1993 жылы «Стандарттау және сертификация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, ол стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу және қолдану арқылы тұтынушылардың мүдделерін мемлекеттік қорғау шараларын айқындады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында 2018 жылы күшіне енген «Стандарттау туралы» заң қолданыста. Стандарттаудың негізгі мақсаттары: отандық өнімнің, процестер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру; табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу; мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін және өлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету; өнімнің, процестер мен қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру; Халықаралық стандарттау жүйесіне интеграциялау жағдайларын жасау үшін саудадағы техникалық кедергілерді жою болып табылады; тұтынушылардың өнімнің, процестер мен қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасына

Дүниежүзілік стандарттау күні жыл сайын 14 қазанда атап өтіледі. Ол 1970 жылы ISO Президенті Фарук Сунтердің бастамасымен әлемнің барлық экономикалары үшін стандарттаудың маңыздылығын атап өту және ондағымын стандарттау мамандарына құрмет көрсету үшін енгізілді. Былғы Дүниежүзілік стандарттау күнінің тақырыбы - «Жақсы әлем туралы жалпы көзқарас».



қатысты жаңылыстыратын әрекеттердің алдын алу; халықтың қауіпсіздігі мен өмір сүру сапасын жақсарту үшін жағдайлар жасау.

Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры бүгінгі күні

стандарттау жөніндегі 73 мыңнан астам құжаттарды қамтиды.

14 қазан - бұл күнді стандарттау саласындағы мамандар ғана емес, бүкіл халық санай алады. Өйткені, біз барлық айырмашылықтармен, жасына және

көсібіне қарамастан, тұтынушылармыз.

Біздің өміріміздегі стандарттарсыз қалам жасау мүмкін емес. Олар бізді барлық жерде қоршап алады. Біз өдетте стандарттар туралы ойламаймыз, олардың болмауы қолайсыздықты тудырмайынша. Шынында да, күнделікті өмірді стандарттарсыз елестету өте қиын. Сіздің өміріңіздің көз-көрген күнін алыңыз, сонда сіз көптеген стандарттар күнделікті өмірдің аспектілерін қолдайтынына таң қаласыз. Бұл телефон желілерінің жаһандық байланысын қамтамасыз ететін стандарт болсын, жабдықтың электромагниттік үйлесімділігін қамтамасыз ететін стандарт. Стандарттар компанияға қызмет көрсетуге көмектеседі және басқарудың тиісті сапасы мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, қауіпсіздікті, адам денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауды насихаттау арқылы өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Біздің өмірдің өнімдері мен қызметтерінің сапасын арттыруға және дамытуға тікелей қатысатын, стандарттау мәселелеріне қандай да бір дәрежеде қатысы бар құрметті мамандар сізді кәсіби мерекемізбен шын жүректен құттықтаймыз! Қазақстандықтардың өркендеуі мен өл-ауқатының өсуі үшін зор денсаулық, шығармашылық табыс және хемісті жұмыс тілейміз.

**Екатерина ПАРШИНА,**  
«Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ бас маманы - СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

## БІЛІМДІ ҰЛТ

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕЙІНІН ДАМУЫ



Мектеп жасына дейінгі балалардың зейінін дамыту – маңызды педагогикалық міндеттердің бірі. Бұл кезеңде зейіннің тұрақтылығы, көлемі және шоғырлану деңгейі өлі толық қалыптаспағандықтан, баланың зейінін дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет.

Бүгінгі таңда зейін дамытатын, дидактикалық ойындарды тек қана жұмыс үстел картотекалары немесе кітап тапсырмалары түрінде ғана емес сонымен қатар, көптеген онлайн ойындар арқылы іске асыруға болады, мысалы:

<https://www.igraems.ru/igry-dlja-detej/igry-na-vnimanie-i-pamjat/>

<https://kids-smart.ru/exercises/groups/4-years>

<https://logiclike.com/v3/cabinet/dashboard/logic>

Зейін қабілеті - баланың мектептегі табысының алғы шарттарының бірі.

**Баланың зейінін дамытудың бірнеше тиімді әдістері бар:**

1. Пазлдар және конструкторлар: Бұл құралдар баланың зейінін дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар зейін мен ойлау қабілетін жақсартады, сонымен қатар логикалық ойлауды дамытады.

2. Есте сақтау ойындары: Балаларға суреттер, сөздер немесе дыбыстарды есте сақтау тапсырмаларын беру арқылы олардың зейінін және жадысын жаттықтыруға болады. Мысалы, белгілі бір уақытқа көрсетілген суреттерді есте

сақтап, кейіннен сол суреттерді еске түсіру.

3. Сабырлық пен төзімділікке баулу: Балаға тапсырмаларды сабырлықпен орындау, ұзақ уақыт бойы бір нәрсеге назар аудару қабілетін үйрету маңызды. Мұндай дағдылар зейіннің тұрақтылығын арттырады.

4. Мультфильмдер мен әңгімелер тыңдату: Балаларға қызықты әңгімелер мен мультфильмдер тыңдату арқылы олардың зейінін бағыттауға болады. Бұл әдіс балаға ақпаратты дұрыс қабылдауға және оны талдауға көмектеседі.

5. Қозғалыс белсенділіктері: Дене жаттығулары мен қозғалысқа бағытталған ойындар зейінді реттеуге өсер етеді. Мысалы, «Тыныштық ойыны» сияқты ойындарда бала дене қимылдарын бақылап, зейінін шоғырландыруды үйренеді.

6. Ойындар арқылы зейін дамыту: Балалар ойын арқылы оңай үйренеді, сондықтан зейінін дамытудың тиімді жолы ойындарға негізделген. Мысалы, «Не өзгерді?», «Тапқыр бол» ойындары зейінді шоғырландыруға көмектеседі.

**Зейінді дамытатын дидактикалық тапсырмалар мен үстел ойындары**  
«Айырмашылықтарды табу». Сіздің назарыңызды үйретудің бір әдісі - екі суреттің айырмашылықтарын іздеу. Балабақшаның кіші және орта топ бүлдіршіндері үшін тапсырмалар айырмашылық аз болған кезде және олар үлкен болған жағдайда қолайлы болады. Дайындық тобында тапсырмалар

Зейін деп адам санасының қоршаған ортадағы белгілі заттар мен құбылыстарға белсенді бағытталуын айтамыз. Баланың кез келген іс-әрекеті зейін арқылы іске асады. Барлық іс-әрекеттің негізгі шарты зейін болып табылады.

10-12 ұсақ айырмашылықтарды қамтиды. «Орынсыз сурет». Бұл назар аударатын ойын сонымен қатар кескіндер арасындағы көрнекі айырмашылықтарды табуға бағытталған. Бірнеше бірдей кескіндердің арасында басқалардан өзгешелігі бар. Сіз оны тауып, бұл суреттің неге сәйкес келмейтінін түсіндіруіңіз керек.

«Түзету сынақтары» (Бурдон сынақтары) – бұл балалардың табандылығын, зейінін және есте сақтау қабілетін дамытуға, сондай-ақ баланы мектепке дайындауға арналған тамаша материал. Түзету сынақтары – кейбір ақпаратты (сандар, өріптер, суреттер, фигуралар және т.б.) іздеуге, түзетуге, арналған тапсырмалар. Жоғалған бөлікті табыңыз. Суретте бір бөлігі жоқ нысан көрсетілген. Балаға өртүрлі түстер мен пішіндердің үзінділері ұсынылады. Бұл зейінді дамыту ойынында суретке сәйкес фрагментті таңдау міндеті қойылады.

Егер сөбі тыныш отыра алмаса, оның назарын қалай үйретуге болады? Ол өпті және өпті, оған зейіннің бірінен екіншісіне мінуттық ауысуы тән. Көңіл бөлетін сыртқы ойындар көмекке келеді.

**Зейінді дамытатын белсенді ойындар**  
Шапшаң баланың назарын жаттығудың

өң оңай жолы - қозғалыс. Сонымен, терінің векторы бар балалар логикалық ойлауға ие, олар сандармен жақсы үйлеседі. Ойын таңдау кезінде барлық осы қасиеттерді ескеру қажет.

**Зейінді дамытатын ойын:**

«Спорттық тренажер». Жүргізуші өртүрлі сөздерді оқиды. Егер бұл сөз «спорт» санына жататын затты білдірсе, Балалар жүгіреді. Егер олай болмаса, олар қатып қалады.

«Жеуге жарамсыз». Бұл жақсы көне кеңіл бөлуге арналған ойынның көптеген өзгерістері бар. Мысалы, киім, жиһаз, ойыншық заттары дегенді ғана «ұстай» аласыз.

«Сіңқырлы дорба». Бұл дамытушы ойын тактильді сезімталдық арқылы баланың зейінін дамытуды көздейді. Балалар шеңбер бойымен бірнеше ұсақ заттарды сезініп өткізеді. Содан кейін барлық заттар сөмкеге салынады.

Бұл әдістер балалардың зейінін дамытуда тиімді, және әрқайсысын баланың күнделікті өміріне оңай енгізуге болады.

**Динара ӘБІШЕВА,**  
педагог-психолог.  
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.





Дүйсенбі, 14 қазан	Сейсенбі, 15 қазан	Сәрсенбі, 16 қазан	Бейсенбі, 17 қазан	Жұма, 18 қазан	Сенбі, 19 қазан	Жексенбі, 20 қазан
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 04.15 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 TANSHOLPAN. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АПТА. 15.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.40 САНА. 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 03.10 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10 АҚОРДА. 14.20, 04.40 Д/Ф. 15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 02.05 САНА. 05.20 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 03.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 01.40 ҚОС ПАЛАТА. 14.35, 04.35 АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ. 15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 02.00 САНА. 05.00 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.45 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 04.15 АҢСАҒАН СӨБИ. 14.40 АҚСАУЫТ. 15.00, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.40 САНА. 05.05 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.20 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.10, 02.30 «ТАТУ-ТӨТТІ». 14.10, 04.00 АТАМЕКЕН. 14.35, 04.25 Д/Ф. 15.00 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ». 16.00 Т/Х «ЗАМАНДАСТАР». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 20.30, 00.30 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.35 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 00.00 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.25 САНА. 04.50 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 05.10 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 17.00, 01.05 АҚПАРАТ. 07.00, 03.25 «АУЫЛДАСТАР». 07.35, 03.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 08.30 Д/Ф. 09.00, 02.05 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.00, 20.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП. 14.20 ДАРА БАЛА. 15.00, 23.15 Т/Х «16 ЖАСАР ЧЕМПИОН». 17.20, 01.25 «ҚОС ПАЛАТА». 17.40, 01.45 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 Т/Х «БАЛУАН ШОЛАҚ». 03.05 АТАМЕКЕН. 04.40 ШАҒЫРАҚ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30, 04.55 «АУЫЛДАСТАР». 07.00, 04.10 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф. 07.45 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 08.35 КОНЦЕРТ. 09.40, 03.50 АҚСАУЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 12.00 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП». 14.30, 02.10 АТАМЕКЕН. 15.00, 23.15 Т/Х «ОН АЛТЫ ЖАСАР ЧЕМПИОН». 17.00, 21.00 ҚОҢИ ТОЛҚЫНЫ. 17.20, 02.35 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 01.05 АПТА. 20.50, 01.55 АҚОРДА. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 03.05 «КҮМІС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 14 қазан	Сейсенбі, 15 қазан	Сәрсенбі, 16 қазан	Бейсенбі, 17 қазан	Жұма, 18 қазан	Сенбі, 19 қазан	Жексенбі, 20 қазан
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.25 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ». 15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.00, 22.35 Х/Ф. 18.00 Д/Ф. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ӘЛЕУМЕТ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.25 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ». 15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.00, 22.35 Х/Ф. 18.00 Д/Ф. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 НЕОСЕТЬ. 10.20 КӨЗҚАРАС. 10.45 Т/С «ЛЕСТНИЦА В НЕБЕСА». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ». 15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.00, 22.35 Х/Ф. 18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.30 Т/С «МАМА ЛОРА». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 22.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ». 15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.00, 22.35 Х/Ф. 18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 10.00 КӨЗҚАРАС. 10.25 Т/С «МАМА ЛОРА». 12.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00 Т/С «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ». 15.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.00 Х/Ф. 18.00 ӘСЕМ ӘНДЕР. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/Х «ҮЛКЕН ҮЙ». 22.30 ОЙНАIQ. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «MANDAI TER». 06.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 ӘЗ ЕЛИМ. 10.00 М/Ф. 11.15 М/Ф «АРТУР И МИНИПУТЫ». 12.00, 21.45 «СОВЕТНИК», Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.30 Т/Х «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ». 17.45 АСЫЛ ДОМБЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КҮН. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 MANDAI TER. 06.15 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 М/Ф. 10.45 «АЙНБО. СЕРДЦЕ АМАЗОННИИ», Х/Ф. 12.00, 21.45 «СМОЖЕТЕ ЛИ ВЫ МЕНЯ ПРОСИТЬ?», Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 16.00, 17.15 Т/Х «КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ». 18.30 ОЙНАIQ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 23.45 АЛҒАШҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 14 қазан	Сейсенбі, 15 қазан	Сәрсенбі, 16 қазан	Бейсенбі, 17 қазан	Жұма, 18 қазан	Сенбі, 19 қазан	Жексенбі, 20 қазан
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00, 03.30 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 П@УТИНА. 8.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 Т/С «ПОСЛЕ ЗИМЫ». 14.00, 01.10 НОВОСТИ. 14.15, 01.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 01.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3». 00.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 П@УТИНА. 8.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ПЛАЦЕНТА». 14.00, 01.10 НОВОСТИ. 14.15, 01.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 01.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3». 00.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 П@УТИНА. 8.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ПЛАЦЕНТА». 14.00, 01.10 НОВОСТИ. 14.15, 01.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 01.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3». 00.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00, 02.50 П@УТИНА. 8.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ПЛАЦЕНТА». 14.00, 01.10 НОВОСТИ. 14.15, 01.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 01.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3». 00.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.30 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00 П@УТИНА. 8.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ПЛАЦЕНТА». 14.00, 01.55 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.20 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «МСТИТЕЛЬ».	06.00, 02.55 ТАМАША СІҮ. 08.00, 02.10 П@УТИНА. 09.00 ҚАЙМАҚ. 09.40 «ДОКТОР ИВАНОВ. РОДНАЯ КРОВЬ», Х/Ф. 13.35 «ВЫБИРАЯ СУДЬБУ», Х/Ф. 18.00 «ТОЧЬ - В - ТОЧЬ». 20.00 «ИЩЕЙКА», Х/Ф. 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.25 ТАМАША СІҮ. 07.45, 02.40 П@УТИНА. 08.45 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.55 «ДОКТОР ИВАНОВ. УДАР», Х/Ф. 13.45 «ВЕРЬ МНЕ», Х/Ф. 18.05 «ДОЛЖОК», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ИЩЕЙКА», Х/Ф. 01.20 «РОДНЯ», Х/Ф.

Құт берекең - атаң қымбат,  
Аймалайтын анаң қымбат.  
Мейірімді апаң қымбат.  
Асқар тауың - өкең қымбат.  
Қазыбек КЕЛДІБЕКҰЛЫ.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

МЕНИҢ ӘКЕМ – ЕҢ ЖАҚСЫ АДАМ



бағдаршамдай жол сілтеді. Өз балаларымды да дәл өзіңдей ер азамат етіп тәрбиелегім келеді. Бізге үйреткенді оларға сиңіргім келеді. Аман бол, бар бол, ғұмырлы бол, жан әке!

Бойыңдағы өжеттілік пен қайсарлықты өзіңнен сиңіре білдік. Қыран күстай қырағы болуды үйреттің. Әлі де өзіңнен үйренеріміз көп. Сіздің өмір сүруіңіз жаңа тыныштық ұялатады, қамқорлықтың бар екенін сездіреді. Алла сізге мықты денсаулық, ғұмырлы өмір нәсіп етсін!

Әкешім, бала кезде де, осы жаста да өзгеден кем етпей бәрін бердің: махаббатты да, жылулықты да аямадың. Бүгін осы жасқа келіп, есейсек те, өзіңіздің сол баяғы кішкене балаландарың боп қала беремекпіз. Сіздің орныңыз жүрегімізде ойып тұрып орын алады. Бақытты болуың, сіздің тәрбиеніңізді алып, үмітіңізді ақтау – өмірлік мақсат. Сіз аман болыңыз, жасыңызға жас қосыла берсін! Қартаймаңыз! Біз балаларың қасындамыз!

Әр күніңіз шаттыққа толып, бүгінгідей қуаныштың ортасында жүре беріңіз! Жамбыл атамның рекордын жаңартып, тән мен жан сұтылығын, ақыл сақтауыңа Жаратушым нәсіп етсін. Деніңіз сау, басыңыз аман болсын! Сіздің қасыңызда өзіңді жақсы көретін сүйікті балаларың, немерелеріңнің барын ұмытпа.

Ақ тіпекпен: ұлып - Амангелді, көліңіз - Диана, немерелерің - Даниял, Әлішер, Алдияр және Алғана.

Қазан айының 9-шы жұлдызында асқар таудай әкеміз, сүйікті атамыз Әміржан Біләулы Бәкіров 63 жасқа келіп, құрметті зейнет демалысына шығып отыр.

Біз үшін әлемдегі ең керемет, ең сүйікті, жанашыр, қамқоршы жанды туған күнімен құттықтай отырып, ардақтымызға ізгі тілегімізді арнаймыз! Әке, мейірімділігің мен отбасыңа деген сүйіспеншілігің, қолдауың арқасында бүгінгі дәрежеге жетіп отырмыз. Сіз біздің отбасымыздың мың қол бастайтын қаһарманысыз! Күш пен рухтың мықтылығы бойыңызға сиңірген дана да, көркем мінезіңізді сізді туыстарыңыз, жақындарыңыз, құрбы-құрдастарыңыз ортасында абыройыңызды асқақтатып, беделіңізді арттырады.

Әкелік тәрбие бізге өмірде Темірқазықтай жол көрсетті,

ГАЗЕТ ОҚЫРМАНЫМЕН КӨРІКТІ

9 қазан - Пошташылар күні «Қазпошта» акционерлік қоғамының аудандық пошта байланысы торабында кезекті мерзімді баспасөзге жазылу науқанына арналған акция өтті. Пошташылар мұндай шараны ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Бұл күні оқырмандар өздерінің сүйікті газет-журналдарына жазылып, редакция өкілдеріне сауалдарын қойып, жылы лебіздерін арнап, мәре-сәре болып қалды.



Тасқа басылған газет сөзі - кешанда соғында сурауы, парағына айналатын, ұрпаққа жауапкершілігі бар, салмақты аманат болып қалатын асыл сөз.

Осыған орай, аудандық пошта байланысы торабында баспасөзге жазылуға жауапты маман Акку Үмітбайқызы бастаған пошташылар оқырмандарды жылы қарсы алып, ыстық шай мен төттілер жайылған дастарқаннан дәм татуға шақырды. Сондай-ақ келушілер пошташыларды 9 қазан - Дүниежүзілік пошта күнімен құттықтап, ізгі тілектерін арнап жатты. Бұл күні газетке жазылған тұрғындарға естелік сыйлықтар табыс етілгенін атап өткен жөн. Мерзімді баспасөзге жазылу науқанының алғашқы күні мажандықтар жүзге жуық әртүрлі басылымдарға жазылып, белсенділік танытты. Сондықтан алдағы уақытта да аудандық басылымдарға жанашыр жандар газетімізді қолдап, өз үлестерін қосады деген үміттеміз.

Қалай ӨТЕМУРАТОВ.

АЗАМАТТАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА АВТОКӨЛІК ТАРИХЫН ТЕКСЕРУ СЕРВИСІ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ

Қазақстандықтарда eGov.kz порталында «Көлік тарихы» сервисінің көмегімен автокөлікке иелік ету тарихы туралы барлық ақпаратты тексеру мүмкіндігі пайда болды. Сервис пайдаланушыларға сатып алудың алдында көліктің тарихын тексеруге көмектеседі.

Сервисті енгізу пайдаланушыға әлеуетті сатып алу туралы қосымша ақпаратпен танысуға көмектеседі және сәйкессіздіктер туындаған жағдайда бірқатар проблемалардан сақтайды. Тексеру үшін әлеуетті сатушыдан көліктің мемлекеттік нөмірін және техникалық паспорт нөмірін білу қажет.

«Көлік тарихы» сервисі төмендегі ақпаратты ашады:

- автомобиль маркасының атауы және шығарылған жылы;
- қозғалтқыштың көлемі, шаңақтың түсі және қосымша орнатылған жабдықтың болуы;

- ҚР аумағында автокөлікті алғашқы тіркеу күні;
- меншік иелері туралы дербес деректерді көрсетпей-ақ, автокөлікті қайта тіркеу күндері бар алдыңғы иелердің жалпы саны;
- көлік құралына кепілдің немесе ауырталықтың болуы.

Автокөлік туралы ақпарат алу үшін пайдаланушыға:

- eGov.kz порталына кіру, «Көлік тарихы» сервисіне өтіңіз;
- «автомобильдің мемлекеттік нөмірі (МТНБ)» және «Автокөлік құралын тіркеу туралы куәліктің нөмірі (КҚТК)» енгізілсін;
- автомобиль туралы ақпаратпен



танысыңыз. Сервис ҚР Ішкі істер министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды.

Жайнагүл СЕЙДАХМЕТОВА.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

**ҚҰРМЕТТІ МАҒЖАНДЫҚТАР!**

**«МАҒЖАН БІЛІМ МАҚТАН ЕТЕМІН» АТТЫ «АМАНАТ» ВОКАЛДЫҚ ТОБЫНЫҢ ЕСЕП БЕРУ КОНЦЕРТІНЕ ШАҚЫРАМЫЗ**

Өтетін орны: **Аудандық мәдениет үйі**

**11 ҚАЗАН 15:00**

Кіру: **ТЕГІН**



2024 ЖЫЛДЫҢ 4-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы - Рахметова Аидада Нұрланқызы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 11:00-13:00-ге дейін қабылдау жүргізеді, мекен жайы: Булаев к., Юбилейная к-сі, 56. Тел: 8(71531) 2-16-03.

Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы - Нұрқайдарова Сәуле Еркінқызы әр бейсенбі күні сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56, 2-20-90.

Мағжан Жұмабаев ауданы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы - Құсайынов Әлібай Нұрбайұлы апта сайын бейсенбі күні сағат 14.30-дан 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Пионерская көшесі, 2 А үй, тел. 2-00-25.

Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі - Бейсебаева Сарагул Сәрсенқұлқызы әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Успенка ауылы, тел 2-51-21.

Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округінің әкімі - Есжанов Мақсат Қайратұлы сәрсенбі, жұма күндері сағат 9:00-ден 13:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Октябрьское ауылы, тел 2-63-36.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыйбалас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының аппараты» КММ - 8(71531) 2-11-47.

«Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ - 8(71531) 2-20-90.

«Мағжан Жұмабаев ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» КММ - 8(71531) 2-09-47.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-51-21.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 2-63-36.

<p>Директор - бас редактор Нелси ГОНЧАР</p> <p>Газеттің мәшік нөсі: «Газета «Весты» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баи көшесі, 13 үй.</p> <p>Тел: 2-17-49.</p> <p>Баспадан нөсі: 65360</p> <p>e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Мағжан жұлдызу» газеті редакцияда үзіліс беттеледі.</p> <p>«Степный Казахстан» баспаханасында басылды.</p> <p>(Петропавл қ., Кошуров к-сі, 5 үй).</p> <p>Тарамағы - 555</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың таныстырылу бойынша шығарылуы және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі рөлін баспахан болып табылады.</p>
---------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәшініне айналады, ретенцияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.